



Бекітемін:
«Жайсаң арнайы білім беру ұйымының»
директорының у.м.а. А.К. Динасилова
«22» 08 2025 ж.

Келісемін:
Мектеп директорының
оқу ісі жөніндегі орынбасары:
А.К. Динасилова А
«22» 08 2025 ж.

Қаралды:
ӘБ отырысының жетекшісі:
Н.А.Уразова Уразова
«21» 08 2025 ж.

Жайсаң арнайы білім беру ұйымының
бейнелу өнері пәнінен
5«а» класына арналған күнтізбелік – тақырыптық жоспары
Пән мұғалімі: Мурат Айнур

«Бейнелеу өнері» пәні бойынша ТҮСІНІК ХАТ

Зиятының орташа түрде бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін «Бейнелеу өнері» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңының 19- бабының 1-тармағына сәйкес әзірленген.

Бағдарламаның мақсаты – бейнелеу қабілеттері мен дағдыларды жетілдіру, оқушыларға қолжетімді бейнелеу және сәндік өнер түрлерін қабылдауды дамыту, жинақталған бейнелеу өнерінің тәжірибесін оқу және өмірлік жағдайларда пайдалану жүйесін қалыптастыру.

Бағдарламаның оқу мақсаттары:

- 1) қолжетімді көркемдік техникаларды, материалдарды, құралдарды пайдалану дағдыларын қалыптастыру; алған білімдерін практикалық-маңызды іс-әрекеттерде қолдану;
- 2) өнер туындыларын қабылдау мен талдауды, эмоцияларды білдіру, бейнелеу қызметі арқылы өзін-өзі таныту қабілетін дамыту;
- 3) бейнелеу қызметі процесінде сөйлеудің коммуникативтік, жоспарлау және реттеуші функцияларын дамыту;
- 4) әлеуметтік дағдыларды дамыту: қарым-қатынас жасау, ынтымақтастық, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары; эмоцияларды басқару қабілеті; өзін-өзі бағалауды, өзіне деген сенімділікті дамыту.

Бағдарламаның түзету-дамыту міндеттері:

- 1) көру-қозғалыс координациясын дамыту;
- 2) бейнеленген заттарды полисенсорлық негізде жан-жақты зерттеу, қоршаған ортадағы заттарды салыстыру, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарды табу қабілеттерін дамыту;
- 3) бейнелеу әрекеті аясында сөйлеу дағдыларын оқушыларға қолжетімді формаларда қалыптастыру;
- 4) бейнелеу қызметіне қажетті графикалық-моторлық функцияларды дамыту;
- 5) ұжымдық іс-әрекетке қатыса алу және сыныптастарымен және педагогпен ынтымақтаса білу қабілетін дамыту.

Пән мазмұнының ерекшеліктері Оқу материалы білім алушылардың психофизиологиялық мүмкіндіктерін ескере отырып, жеңілдетілген, көрнекілікке негізделген және тәжірибелік бағытта ұсынылады. Сабақтарда сурет салу, бояу, жапсыру, мүсіндеу, сәндік-қолданбалы жұмыстар сияқты әрекеттер кеңінен қолданылады.

Тапсырмалар қысқа, нақты және кезең-кезеңмен беріледі. Әр сабақта көрнекі құралдар, үлгілер, суреттер, дайын шаблондар пайдаланылады. Білім алушылардың жеке мүмкіндіктеріне қарай дифференциация жүргізіледі.

Оқу пәнінің мақсаты - білім алушылардың эстетикалық сезімдерін дамытуға және сезімдік аймағын дамытуға ықпал ету, танымдық қызығушылықтарын, сөйлеу және қозғалыс қабілеттерін қалыптастыру.

Білім алушылардың мүмкіндігіне қарай оқытушының таңдауы бойынша сурет сабағында дәстүрлі оқу әдістемесімен қатар балама әдістер қолданылады (саусақ кескіндемесі, жемістің табы, бояғыштың табы, тіс пастасымен сурет салу, инемен кескіндеу).

Бейнелеудің тақырыбы білім алушының күнделікті өмірімен, күнделікті оқиғалармен, мерекелермен байланыстырылады.

12. Оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5 сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

2) 6 сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

3) 7 сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

4) 8 сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

5) 9 сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

13. Оқу жылдары бойынша сағат саны төменгідей бөлінеді:

Бейнелеу өнері 5«А» класс, аптасына-1сағат. Барлығы-34сағат

№	Бөлімше	Сабақтың тақырыбы	Оқыту мақсаттары	с/с	Мерзімі
1-тоқсан 1.Шығармашылық ойды дамыту және зерттеу					
1	1.1 Бейнелеу өнері туралы теориялық мағлұматтар	Портрет, натюрморт, пейзаж	5.1.1.1 бейнелеу өнеріндегі келесі жанрларды білу, портрет, натюрморт, пейзаж	1	02 - 09
2	1.3 Сезімдерді білдіру мен идеяларды қолдану	Сезімді білдіру	5.1.3.1.суреттегі бейнеленген адамдардың эмоционалдық жағдайын анықтай білу	1	09 - 09
2.Шығармашылық туындыларды жарату және жасау					
3	2.1 Сәндеп сурет салу	Геометриялық және өсімдік элементтері	5.2.1.1 геометриялық және өсімдік элементтерінен сызық бойына, шаршыға, шеңберге және орталыққа бағытталған сызыққа өрнектер жасау	1	16- 09
4	2.2 Тақырыптық сурет салу	Ашық хат	5.2.2.1 үлгіге қарап мерекеге арналған ашық хатты дайындау	1	23-09
5	2.3 Түпнұсқа затқа қарап сурет салу	Затқа қарап сурет сал	5.2.3.1 жеке бақылауларын суретке түсіре білу	1	30- 09
6	2.4 Бейнелеу өнерінің тәсілдері	Сықырлы қылқалам	5.2.4.1 әр түрлі көлемді қыл қаламмен жұмыс істей білу, қыл қаламның ұшымен немесе толық көлемімен сурет салу 5.2.4.2 көрініс объектісін тандай білу: пішіні мен түсін анықтау, құрамдық бөліктерінің көлемін салыстыру	1	07 - 10
7	2.5 Жоспарлау	Өрнек	5.2.5.1 өрнектің суретін салу кезінде бірізділікті сақтау	1	14 - 10
3.Шығармашылық жобалау					
8	3.1 Презентация	Өз жұмысын таныстыру Оюмен өрнектелген ыдыстар	5.3.1.2 өз жұмысының (сызба, сурет) мазмұны тәсілін, орындалуын түсіндіре отырып таныстыру	1	21- 10
2-тоқсан 1.Шығармашылық ойды дамыту және зерттеу					
9	1.1 Бейнелеу өнері туралы теориялық мағлұматтар	Туындының жанрын анықтау	5.1.1.2 туындының белгілері мен ерекшеліктеріне байланысты оның жанрын анықтау	1	28-10
10	1.3 Сезімдерді білдіру мен идеяларды қолдану	Сезімді білдіру	5.1.3.1 суреттегі бейнеленген адамдардың эмоционалдық жағдайын анықтай білу	1	04 - 11.
2.Шығармашылық туындыларды жарату және жасау					
11	2.1 Сәндеп сурет салу	Ою өрнектер	5.2.1.2 сурет контурын сақтай отырып, өрнек элементтерін бояу	1	11- 11
12	2.2 Тақырыптық сурет салу	Қоныр күз	5.2.2.2 көріп бақылау немесе оқу арқылы алынған сезімдерін суретке түсіре білу	1	18-11
13	2.3 Түпнұсқа затқа қарап сурет салу	Мерекеге дайындық	5.2.3.2 суретте бейнеленетін заттардың салыстырмалы көлемін көрсете білу	1	25-11
14	2.4 Бейнелеу өнерінің тәсілдері	Сықырлы боялар	5.2.4.3 қол жетімді құралдарды қолдана отырып, зат көлемін көрсету 5.2.4.4 түстің айкындығын бояуға су қосу арқылы ілсірету	2	02-12 09 - 12
15	2.5 Жоспарлау	Бояулар құпиясы	5.2.5.2 сурет салу кезінде бірізділікті сақтау	1	14 - 12

3.Шығармашылық жобалау					
16	3.1 Презентация	Қорытынды сабақ Натюрморт	5.3.1.2 жоспар бойынша жұмыс сапасын талдау	1	23-12
3-тоқсан 1.Шығармашылық ойды дамыту және зерттеу					
17	1.1 Бейнелеу өнері туралы теориялық мағлұматтар	Әбілхан Қастеев суретші Пейзаж	5.1.1.3 әйгіл суретші-пейзажистерді білу	1	
18	1.2 Әлем халықтарының мәдениеті мен дәстүрлері	Сәндік-косалқы өнер	5.1.2.1 ұлттық сәндік-косалқы өнері туралы түсініктері болу	1	
19	1.3 Сезімдерді білдіру мен идеяларды қолдану	Сезімді білдіру	5.1.3.1 суреттегі бейнеленген адамдардың эмоционалдық жағдайын анықтай білу	1	
2.Шығармашылық туындыларды жарату және жасау					
20	2.1 Сәндеп сурет салу	Ою өрнектер	5.2.1.3 шаблондарды қолдана отырып, қазақ өрнектерін жасау	1	
21	2.2 Тақырыптық сурет салу	Көліктер	5.2.2.3 автокөлік және ұшақтың суретін салу	1	
22	2.3 Түпнұсқа затқа қарап сурет салу	Затқа қарап сурет салу Натюрморт	5.2.3.1 жеке бақылауларын суретке түсіре білу	1	
23	2.4 Бейнелеу өнерінің тәсілдері	Сурет салу .Натюрморт . Заттың пішіні	5.2.4.6 суретте заттың пішінін, құрылымын, үйлесімділігі мен түсін бере білу	1	
24	2.5 Жоспарлау	Наурыз. Өрнекті сурет салу	5.2.5.1 өрнектің суретін салу кезінде бірізділікті ақтау	1	
3.Шығармашылық жобалау					
25-26	3.1 Презентация	Сәндік натюрморт	5.3.1.1 өз жұмысының (сызба ,сурет) тәсілін, орындалуын түсіндіре отырып таныстыру;	1	
4-тоқсан 1.Шығармашылық ойды дамыту және зерттеу					
27	1.1 Бейнелеу өнері туралы теориялық мағлұматтар	Композиция	5.1.1.4 композиция туралы түсінігі болу	1	
28	1.3 Сезімдерді білдіру мен идеяларды қолдану	Суретті оқу	5.1.3.1 суреттегі бейнеленген адамдардың эмоционалдық жағдайын анықтау	1	
2.Шығармашылық туындыларды жарату және жасау					
29	2.2 Тақырыптық сурет салу	Мереке ашық хаты	5.2.2.1 үлгіге қарап мерекеге арналған ашық хатты дайындау	1	
30	2.3 Түпнұсқа затқа қарап сурет салу	Салыстырмалы суреттер	5.2.3.2 суретте бейнеленген заттардың салыстырмалы көлемін көрсете білу	1	
31	2.4 Бейнелеу өнерінің тәсілдері	Симметриялық пішінді заттар салу	5.2.4.7 симметриялық пішінді заттардың суретін салу барысында ортаңғы сызық бойымен жұмыс істей біл	1	
32	2.5 Жоспарлау	Өрнек салу	5.2.5.1 өрнектің суретін салу кезінде бірізділікті сақтау	1	
33		Сурет салу	5.2.5.2 сурет салу кезінде бірізділікті сақтау	1	
34		Жыл бойы оқығанды қайталау		1	